

**Ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбаны (ҰКО ЭЦҚ)
пайдалана отырып, «StarBanking» жүйесіне тіркелу бойынша
клиентке арналған нұсқаулық**

1. Сіздің Kaztoken USB-токен құрылғысына (1-сурет) жазылған Ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбаңыз болса, осы нұсқаулықтың 4-тармағына өтіп, көрсетілген іс-әрекеттерді орындай аласыз.
2. Сіздің ҰКО ЭЦҚ болса, бірақ ол Kaztoken құрылғысына жазылмаса, онда Сізге:
 - 2.1. ҰКО сайтында Kaztoken тасымалдағышының түрін көрсете отырып (Kaztoken Банкте сатып алуға болады), қосымша ҰКО ЭЦҚ шығару;
 - 2.2. осы нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес тіркеуден өту қажет.
3. Сіздің ҰКО ЭЦҚ болмаса, Сізге:
 - 3.1. Халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚО) ҰКО ЭЦҚ (оны міндетті түрде Kaztoken құрылғысына жаздыру) алу;
 - 3.2. аталған нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес тіркеуден өту қажет.




1-сурет – Kaztoken USB-токені

4. «StarBanking» жүйесіне тіркелу:


Назар аударыңыз: Тіркелу процесі деректеріңізді «StarBanking» жүйесіне енгізу туралы менеджеріңізге хабарлағаннан кейін және пайдаланушының ID, OTP-қондырғысы және Kaztoken USB-токені болған жағдайда жүргізілуі қажет.

- 4.1. Компьютерге ҰКО ЭЦҚ бар Kaztoken құрылғысын қосыңыз;
- 4.2. Тіркелу процесін бастау үшін браузерді ашып, мекенжай жазылатын жолға <https://m.bcc.kz> мекенжайын енгізе отырып, «StarBanking» жүйесінің бастапқы бетіне бару қажет.
- 4.3. «Жүйеге кіру» ФБ-ны басып, ашылған беттегі «Пароль» деген жолда «ЭЦҚ» таңдаңыз, содан соң «Жүйеге кіру» ФБ-ны басыңыз.
- 4.4. Егер апплет бұрын орнатылмаған болса, орнатуды растайтын келесі терезе ашылады (2-сурет), сол жерде «Орнату» батырмасын басу қажет.



2-сурет



Содан кейін апплетті орнату процесінің терезесі (3-сурет) ашылады.



3-сурет

Орнату аяқталғаннан кейін апплет автоматты түрде ашылады.


4.5. Компьютер ҰКО ЭЦҚ бар токенді анықтағаннан кейін, «Тіркеу» параметрі бар токенді (4-сурет) таңдау қажет.



4-сурет

4.6. «Тіркеу» параметрін таңдағаннан кейін токендегі парольді енгізу қажет (12345678 бастапқы күйге келтіру бойынша).

4.7. «Әрі қарай» батырмасын басыңыз (5-сурет).




5-сурет

4.8. «StarBanking» жүйесіне тіркелу үшін келесі терезеге деректеріңізді енгізу қажет (6-сурет):

6-сурет

- «Пайдаланушының ID» жолына пайдаланушының ID-ін енгізіңіз («Банк ЦентрКредит» АҚ-та жеке тұлғаларға қашықтан кешенді банктік қызмет көрсету туралы шарттың 7-қосымшасынан алынған)
- «StarBanking» жүйесіне тіркелу үшін «ПИН» жолына ПИН-кодыңызды енгізіңіз (Сізге Банк бөлімшесінде берілген OTP-картада жазылған).
Барлық қажетті ақпаратты енгізгеннен кейін шебердің келесі терезесіне өту үшін «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.

4.9. Профильді құру шеберінің терезесінде (7-сурет)



7-сурет

- «Токеннің аты» жолына латын әріптерімен токеннің атын көрсетіңіз (бастапқы күйге келтіру бойынша берілген аты – пайдаланушының ID)
- «Пароль» жолына пароліңізді енгізіңіз, оны Сіз апплеттің көмегімен «StarBanking» жүйесінде қызметтердің кеңейтілген тізіміне кірген және операциялар жүргізген кезде пайдаланасыз.

Парольдің ұзындығы 8 белгіден кем болмауға және латын әріптері мен сандарынан құралуға тиісті.


Сандар мен символдарды тізбекті түрде пайдалануға (мысалы, 123..., 678, abc) жол берілмейді.

- «Растау» жолына пароліңізді қайта енгізіңіз.

Kaztoken құрылғысындағы Profile қосымшасы жаңа парольмен қорғалады.


Келесі қадамға өту үшін «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.

4.10. Пайда болған терезеде енгізілген деректер көрінеді, оларды арнайы жалауша орнату арқылы растау қажет, содан соң «Әрі қарай» батырмасын басыңыз (8-сурет).




8-сурет

4.11. Келесі терезеде профильді құру процесі көрсетіледі (9-сурет). Алайда Kaztoken-ге кіру кілттерін генерациялау процесі 5 минутқа дейін созылатынын ескеру қажет.



9-сурет

4.12. Тіркелу процедурасы ойдағыдай аяқталған жағдайда, терезеде 10-суретте ұсынылған түр пайда болады.



10-сурет

«Дайын» батырмасын басқаннан кейін профильді таңдау терезесі ашылады, ол жерде өзіңіз құрған профиль көрсетіледі.

Профиль құрылғаннан кейін қорғалатын ресурсқа кіруге болады. Ол үшін апплет терезесінде «Тіркеу» параметрінсіз токенді таңдау қажет, токеннен пароліңізді енгізіңіз, содан соң «ОК» батырмасын басыңыз.

Назар аударыңыз!!! Казтокен құрған кезде қателіктер туындаған жағдайда,(интернетпен байланыс үзілген, пайдаланушының деректері дұрыс енгізілмеген және т.б. кезде), тіркеу процесін жалғастыру қажет. Тіркеу аяқталмаған кезде Kaztokenді құруға болмайды!!!

Техникалық қолдау көрсету:

Сұрақтарыңызды, ұсыныстарыңызды, қателіктеріңізді, ескертулеріңізді жіберуге арналған E-mail - ib@bcc.kz

чаний - ib@bcc.kz